



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы желтоқсан

2023 жылғы желтоқсанда жылдық инфляция 9,8%-ды құрады (қарашада – 10,3%). Азық-түлік тауарларының және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы өсуі жылдық мәнде тиісінше 8,5%-ға дейін (қарашада – 9,2%) және 9,1%-ға дейін (қарашада – 9,9%) баяулады, ал ақылы көрсетілетін қызметтің бағасы өсуі 12,4%-ға дейін (қарашада – 12,0%) жеделдеді.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 16 өңірде бәсеңдеді, 2 өңірде жеделдеді және 2 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 9 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды (11,1%), Ақмола (10,7%) және Маңғыстау (10,6%) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 желтоқсан – 2023 желтоқсан), %-бен

Қарағанды	20,7	11,1
Ақмола	21,1	10,7
Маңғыстау	24,0	10,6
Солтүстік Қазақстан	20,6	10,5
Ұлытау	20,8	10,5
Алматы қ.	20,1	10,2
Түркістан	20,5	10,2
Шығыс Қазақстан	20,0	10,1
Жетісу	19,9	10,0
Қазақстан Республикасы	20,3	9,8
Абай	20,1	9,7
Атырау	19,7	9,6
Шымкент қ.	19,7	9,5
Ақтөбе	19,8	9,3
Қостанай	20,2	9,3
Павлодар	20,1	9,3
Жамбыл	19,8	9,2
Батыс Қазақстан	20,2	9,2
Астана қ.	23,0	9,1
Қызылорда	19,9	8,8
Алматы	17,7	8,4

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша деңгейден (8,5% ж/ж) жоғары Ұлытау (11,8%), Ақмола (10,3%), Солтүстік Қазақстан (9,8%), Шығыс Қазақстан (9,6%) облыстарында, Алматы қаласында (9,3%), Маңғыстау (9,2%) облысында, Астана қаласында және Жетісу облысында (8,8%-дан), сондай-ақ Абай облысында (8,6%) қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (9,1% ж/ж) жоғары Маңғыстау (12,5%), Қарағанды (10,4%), Батыс Қазақстан (9,8%), Жамбыл (9,6%), Түркістан (9,5%) облыстарында, Шымкент қаласында (9,4%) және Шығыс Қазақстан облысында (9,2%) өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы жалпы республикалық деңгейден (12,4% ж/ж) жоғары мына өңірлерде: Түркістан (18,2%), Қарағанды (15,2%), Ақтөбе (14,6%), Атырау (14,5%), Павлодар (14,2%), Солтүстік Қазақстан (13,8%), Жетісу (13,7%), Ақмола (13,5%) облыстарында және Шымкент қаласында (12,9%) өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	8,5	9,1	12,4
Ақмола	10,3	9,1	13,5
Ақтөбе	7,4	7,5	14,6
Алматы	8,1	7,6	10,0
Атырау	8,3	8,0	14,5
Батыс Қазақстан	8,4	9,8	10,0
Жамбыл	8,2	9,6	11,4
Қарағанды	8,4	10,4	15,2
Қостанай	8,1	8,6	11,6
Қызылорда	8,4	9,0	9,5
Маңғыстау	9,2	12,5	10,8
Павлодар	7,3	8,1	14,2
Солтүстік Қазақстан	9,8	9,0	13,8
Түркістан	7,1	9,5	18,2
Шығыс Қазақстан	9,6	9,2	11,9
Астана қ.	8,8	8,4	9,6
Алматы қ.	9,3	9,0	12,1
Шымкент қ.	7,2	9,4	12,9
Абай	8,6	9,1	12,3
Жетісу	8,8	9,0	13,7
Ұлытау	11,8	8,6	10,7

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы желтоқсанда елде айлық инфляция 0,8%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы желтоқсанда 0,7%) жоғары. Атырау облысында (1,4%) айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы желтоқсандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы желтоқсандағы орташа мәні	2023 жылғы желтоқсан	Өңірлер	5 жылғы желтоқсандағы орташа мәні	2023 жылғы желтоқсан
Қазақстан Республикасы	0,7	0,8	Алматы қ.	0,8	0,8
Атырау	0,8	1,4	Жетісу	-	0,8
Астана қ.	0,6	1,2	Шығыс Қазақстан	0,7	0,7
Абай	-	1,2	Жамбыл	0,8	0,6
Батыс Қазақстан	0,7	1,0	Ақмола	0,9	0,5
Маңғыстау	0,6	1,0	Қызылорда	0,8	0,5
Шымкент ⁱⁱ	0,6	1,0	Қарағанды	0,7	0,4
Қостанай	0,8	0,9	Ақтөбе	0,6	0,3
Солтүстік Қазақстан	0,8	0,9	Павлодар	0,6	0,3
Алматы	0,9	0,8	Ұлытау	-	0,3
Түркістан	0,5	0,8			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән